

"Ғылым" ғылыми-баспа орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 қаңтар N 88

Ғылым және ғылыми еңбектер мен ғылыми әдебиетті басып шығаруды қамтамасыз ету саласындағы баспа базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының

Ү к і м е т Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. "Ғылым" ғылыми-баспа орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің қарамағынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағына берілсін.

2. Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі:

1) Кәсіпорынның жарғысына тиісті өзгерістер енгізсін және оның мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 2 0 қ а ң т а р д а ғ ы

N 8 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1271 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 48, 426-құжат):

1) Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға жатқызылған кәсіпорындардың

тізбесіндегі реттік нөмірі 8-жол алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген 1998-1999 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіндегі реттік нөмірі 21-жол алынып т а с т а л с ы н .

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180
қаулысымен .

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1111
қаулысымен .